

**"Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы № 55-І бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 5 қазандағы № 668 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 29 қазанда № 8043 тіркелді

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы № 55-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2729 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз портының капитаны туралы ережесінде:

7-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 780 қаулысымен бекітілген Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеу қағидаларына сәйкес авариялық жағдайларды тергеу;».

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Су көлігі департаменті (Б.А. Жансүгіров) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Жұмағалиев*